

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүзеге асыратын тексерулерді мемлекеттік тіркеуді, есепке алуды және бақылауды жүргізу туралы Ережені бекіту туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011 жылғы 25 қарашадағы № 125 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 27 желтоқсанда № 7353 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2013 жылғы 19 маусымдағы № 63 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 19.06.2013 № 63 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүзеге асыратын тексерулерді тағайындау туралы актілерді тіркеу туралы есептілікті одан әрі жетілдіру және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының нормасына сәйкес келтіру мақсатында, "Прокуратура туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 4-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүзеге асыратын тексерулерді есепке алуды және бақылауды, мемлекеттік тіркеу жүргізу туралы Ережесі бекітілсін.

2. Күші жойды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2009 жылғы 24 желтоқсандағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5995-санымен тіркелген) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүзеге асыратын тексерулерді бірыңғай мемлекеттік тіркеуді, есепке алуды және бақылауды жүргізу туралы Нұсқаулықты бекіту туралы» № 71 б ұ й р ы ғ ы ;

2) Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2010 жылғы 14 желтоқсандағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6710-санымен тіркелген) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен жүзеге асырылатын тексерулерді есепке алу және бақылау, бірыңғай мемлекеттік тіркеу жүргізу туралы Нұсқаулықты бекіту жөнінде» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2009 жылғы 24 желтоқсандағы N 71 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" № 85 бұйрығы.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика

және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) осы бұйрықты:

- 1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге;
- 2) құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілеріне және Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жолдасын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.
5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

		<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
		<i>А. Дауылбаев</i>	
<i>Бас Прокуроры</i>			
Қ а з а қ с т а н			Р е с п у б л и қ а с ы
Б а с			П р о к у р о р ы н ы ң
2 0 1 1	ж ы л ғ ы	2 5	қ а р а ш а д а ғ ы
№	1 2 5		б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілді			

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен жүзеге асырылатын тексерулерді есепке алу және бақылау, мемлекеттік тіркеу жүргізу туралы Ережесі

1. Кіріспе

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүзеге асыратын тексерулерді мемлекеттік тіркеуді, есепке алуды және бақылауды жүргізудің осы Ережесі (бұдан әрі - Ереже) 2011 жылғы 6 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңын (бұдан әрі - Заң), 2006 жылғы 31 қаңтардағы «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңын, және 2003 жылғы 22 желтоқсандағы «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңын жеке тұлғаларға, заңды тұлғаларға, соның ішінде қызметтеріне бақылау және қадағалау жүргізілетін мемлекеттік органдарға, филиалдарға және заңды тұлғалардың өкілдіктеріне қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүзеге асыратын тексерулерді бірыңғай мемлекеттік тіркеуді, есепке алуды және бақылауды жүргізу бөлігін орындау үшін әзірленген.

2. Тексерулерді бірыңғай мемлекеттік тіркеу, есепке алу және бақылау: Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүргізетін тексерулер нәтижелері бойынша қалыптасатын шынайы және дәйекті құқықтық

статистикалық ақпаратты жинақтау, есепке алу, талдау және мемлекеттік органдарға, жеке және заңды тұлғаларға ұсыну; жеке тұлғалардың, заңды тұлғалардың, соның ішінде қызметтеріне бақылау және қадағалау жүргізілетін мемлекеттік органдардың, филиалдардың және заңды тұлғалардың өкілдіктерінің қызметін тексеруді жоспарлау және оңтайландыру кезінде елдегі құқық қорғау қызметінің тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында жүзеге асырылады.

3. Осы Ережеде мынадай түсініктер қолданылады: ақпараттық есепке алу құжаттары (бұдан әрі - АЕК) - оның негізінде мемлекеттік құқықтық статистикалық және арнайы есепке алу деректері қалыптасатын белгіленген үлгідегі құқықтық статистикалық ақпараттың (№ 1-П нысанды есепке алу карточкасы және талон-қосымша) материалдық (қағаз, магниттік, оптикалық) жеткізгіші.

тексерулерді мемлекеттік тіркеу, есепке алу және бақылау субъектілері - жеке тұлғалардың, заңды тұлғалардың, соның ішінде қызметтеріне бақылау және қадағалау жүргізілетін мемлекеттік органдардың, филиалдардың және заңды тұлғалардың өкілдіктерінің қызметіне тексеру жүргізуге Қазақстан Республикасының заңдары уәкілеттік берген мемлекеттік органдар;

тексеру объектілері - жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, соның ішінде қызметтеріне бақылау және қадағалау жүргізілетін мемлекеттік органдар, филиалдар және заңды тұлғалардың өкілдіктері;

тексеру тағайындау туралы акті - Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген талаптардың сақталуымен рәсімделген мемлекеттік органның құқықтық актісі;

тексерулерді жоспарлау - уәкілетті мемлекеттік органдардың тексерулерді жүйелеуі, оңтайландыруы және реттеуі.

2. Тексерулер тағайындау туралы актілерді мемлекеттік тіркеу

4. Мемлекеттік тіркеу процедурасы өзіне тексеру тағайындау туралы актіні тіркеуді, тексеру жүргізу мерзімінің ұзартылуы, тоқтатылуы, қайта жаңғыртылуы туралы, тексеру тағайындау туралы актіні тіркеуден бас тартуды, тексеру және оның нәтижелері туралы мәліметтерді есепке алу, сонымен қатар өткізілмеген тексерісті құқықтық статистика және арнайы есепке алу органында есептен алуды енгізеді.

Тексеру тағайындау туралы актілерді мемлекеттік тіркеу процедурасы және тиісінше, осы Ереже талаптары:

Заңның 8-бабы тәртібінде ішкі бақылауды жүзеге асыру кезінде; Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайлардан

басқа, Заңның 3-бабы 3 және 4 тармақтарында және 12-бабы 3-тармақшасында көзделген салалардағы бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру, сонымен қатар прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру кезінде тексеру жүргізуге байланысты құқықтық қатынастарға таратылмайды.

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты прокуратура органдары жүзеге асыратын тексерулер осы ережеде белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуге ж а т а д ы .

5. Бірыңғай мемлекеттік тіркеу субъектілері Ереженің 1-қосымшасына сәйкес рәсімделетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүзеге асыратын тексерулерді тағайындау туралы актілерді тіркеу журналын (бұдан әрі - ж у р н а л) жү р г і з е д і .

6. Тексеру тағайындау туралы актінің тіркелуін құқықтық статистика және арнайы есепке алу органы тексеру объектісінің тіркеу орны бойынша немесе өз қызметін жүзеге асыру орны бойынша тексерудің басталуына дейін жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Тіркелу үшін құқықтық статистика және арнайы есепке алу органына тексеру тағайындау туралы актінің екі данасы (түпнұсқа және куәландырылған көшірме), Ереженің 2-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы жүзеге асыратын тексеру туралы мәліметтер толтырылған есепке алу карточкасы (бұдан әрі - № 1-П нысанды есепке алу карточка) ұсынылады.

Тексеруді мемлекеттік тіркеу үшін тексерулерді есепке алудың ведомстволық автоматтандырылған жүйелерін жүргізу кезінде электрондық сандық қол қойылған, көрсетілген құжаттар құқықтық статистика және арнайы есепке алу органы анықтайтын электрондық форматта жолданады.

Тексерулерді есепке алудың автоматтандырылған ведомстволық жүйесі болмаған жағдайда, тексеру тағайындау туралы акті және № 1-П нысанды есепке алу карточкасы электрондық форматта рәсімделуі, содан соң, электрондық сандық қол қойылғаннан кейін құқықтық статистика және арнайы есепке алу органының Интернет-ресурс құралының көмегімен тіркелуі үшін ұсынылуы м ү м к і н .

Бақылаушы және тіркеуші органдардың орналасқан жерінен елеулі қашықтықта орналасқан объектілерде жоспардан тыс тексеру жүргізген жағдайда , тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеу тексеру басталғаннан кейін, келесі бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

7. Жоспардан тыс тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеу барысында мемлекеттік орган қызметкері Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеру тағайындау үшін негіз болған құжаттың түпқұжаты мен көшірмесін ұсынады.

Тексеру тағайындаудың негізі болып табылған құжаттың түпқұжаты

мемлекеттік орган қызметкеріне қайтарылады, ал көшірмесі құқықтық статистика және арнайы есепке алу органында қалады.

8. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органының қызметкері ақпараттық есепке алу құжаттарын ала отырып, тексеру тағайындау туралы актіні тіркеуге ұсыну сәтінен үш сағаттан кешіктірмей:

тексеру тағайындау туралы актінің қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестігін және № 1-П нысанды есепке алу карточкасының толтырылуының толықтығын тексереді;

сонымен қатар, құжаттарды тіркеуге ұсынудың уақтылы болуын, тексеру жүргізудің құқықтық негіздерінің болуын, тексеру мерзімі мен кезеңділігін, сонымен қатар тексеруді тағайындау кезінде мемлекеттік органның аумақтылығын сақтауды тексереді;

актіні тіркеуден бас тарту үшін негіз болмаған жағдайда, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органының қызметкері Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес тексеру тағайындау туралы актіні тіркеу туралы мөр басады;

ақпараттық есепке алу құжаттарының мәліметтерін деректер қорына, № 1-П н . есепке алу карточкасына және оған қоса берілетін талон-қосымшаға енгізеді;

құқықтық статистика және арнайы есепке алу органының қызметкері электрондық тіркеудің аяқталуы туралы мемлекеттік тіркеу субъектісіне электрондық сандық қол қойылған тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеу туралы хабарламаны жолдайды.

Тіркеген соң, актінің түпқұжаты мемлекеттік органның лауазымды тұлғасына қайтарылады. Актінің көшірмесі құқықтық статистика және арнайы есепке алу органында қалады.

9. Мемлекеттік тіркеу субъектісі тексеру тағайындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны анықталған жағдайда құқықтық статистика және арнайы есепке алу органының басшысы не оның міндетін орындаушы адам тексеру тағайындау туралы актіні тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Тексеру тағайындау туралы актіні тіркеуден бас тарту туралы қорытынды (бұдан әрі - Қорытынды) Ережеге қоса берілген 4-қосымшаға сәйкес, ақпараттық есепке алу құжаттар құқықтық статистика және арнайы есепке алу органына келіп түскен сәттен бастап 24 сағаттан аспайтын мерзімде жазбаша түрде екі данада жасалады.

Көрсетілген мерзімінің аяқталуы мерекелік немесе демалыс күндеріне сәйкес келген жағдайда, бас тарту құқығын қолдану мерзімі келесі жұмыс күні болып табылады.

Тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеуден бас тарту Қазақстан

Республикасы заңнамалары мен осы Ереже талаптарының нақты бұзушылықтарын көрсете отырып дәлелді болуы тиіс.

10. Мемлекеттік тіркеу субъектісі тексеру тағайындау барысында Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының сақталуы туралы мәселені анықтау үшін ұсынылған құжаттарды қосымша зерделеу қажет болған жағдайда, шешім ақпараттық есепке алу құжаттары құқықтық статистика және арнайы есепке алу органына келіп түскен сәттен екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қ а б ы л д а н у ы т и і с .

Тіркеусіз қайтарылған тексеруді тағайындау туралы актіден бас тартылған жағдайда, Ережеге қоса берілген 5-қосымшаға сәйкес «бас тартылған» мөртабан қойылады және № 1-П нысанды есепке алу карточкасының 21-тармағы т о л т ы р ы л а д ы .

11. Мемлекеттік тіркеу субъектісіне тексеру тағайындау туралы актіні тіркеуден бас тарту үшін, егер өзгесі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісімдермен және осы Ережемен белгіленбеген болса, келесі негіздердің бірінің б о л у ы ж е т к і л і к т і :

1) тексерулер жоспарында көрсетілмеген жоспарлық тексеруді тағайындау ;

2) жоспарлы тексеру тағайындау кезінде алдыңғы тексеруге қатысты уақыттық ара-қашықтықтың сақталмауы ;

3) мемлекеттік органдардың өз құзыретіне енбейтін мәселелер бойынша тексерулер тағайындауы ;

4) Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген мерзімдерге қатысты тексеру тағайындау туралы актіде көрсетілген тексеру жүргізу мерзімінің асып кетуі немесе өтіп кетуі ;

5) жасырын түрдегі өтініш бойынша объектіні тексеруді тағайындау ;

б) егер осы мәселе және кезең бойынша бұрын осы, немесе оның жоғары тұрған (төмен тұрған) органы, немесе басқа да мемлекеттік орган тексеру өткізген болса, мемлекеттік органның объекті қызметін тексеруді тағайындауы ;

7) егер алдыңғы тексерулер нәтижесінде бұзушылықтар анықталмаса, анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымның (қаулының, ұсыныстардың, хабарламалардың) орындалуын бақылау мәселесі бойынша т е к с е р у тағайындау ;

8) жоспардан тыс тексеруді тағайындау негізінің жазбаша растауы болмауы (сұрау, тапсырма, өтініш, шағым, жүгіну, прокурорлық қадағалауды жүзеге асыру кезінде жүгінулерді сенім телефондары бойынша есепке алу кітабында тіркеу туралы белгі, қарсы тексеру тағайындау кезіндегі актінің көшірмесі және заңнамада көзделген басқа да негіздер) ;

9) өтініште немесе хабарламаларда, жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғандығы туралы өзге де жүгінулерде көрсетілген уақыт аралығының шегінен шығатын кезеңге тексеру тағайындау ;

10) тексеру жүргізуді оған тиісті өкілеттігі жоқ тұлғаларға тапсыру;

11) Заңда көзделген жағдайлардан басқа бірнеше тексеру объектілеріне тексеру тағайындау туралы бір актідегі нұсқау;

12) заңмен белгіленген мерзімде ол бойынша тексеру тоқтатылған және қайта жаңғыртылмаған объектіні тексеруді қайта тағайындау;

13) Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген шекті мерзімдерінен асатын мерзімге тексеруді тағайындау немесе оны ұзарту;

14) міндетті хабарлау туралы талап Заңда көзделген болса алдағы тексеру туралы жеке кәсіпкерлік субъектісіне хабарлау туралы деректің болмауы немесе хабарлау мерзімін сақтамау ;

15) тексерулердің жүргізу тәртібі мен жағдайларын реттейтін нормативтік құқықтық актілер талаптарының бұзылуы.

12. Мемлекеттік тіркеу субъектісіне тексеру тағайындау туралы актіні тіркеуден негізсіз бас тартуы жоғарыда тұрған құқықтық статистика және арнайы есепке алу органына немесе сотқа шағымдалуы мүмкін.

13. Тексеру қоғамдық тәртіпке, халықтың денсаулығына және Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне төнген қауіп-қатерді тез арада жоюды талап ететін қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты туындаған ерекше жағдайларда, сондай-ақ заңнаманың бұзылуын олардың тікелей жасалуы сәті кезінде алдын алу мақсатында және дәлелдемелерді бекіту үшін шұғыл әрекет жүргізу үшін жұмыс уақытынан тыс мерзімде (түнде, демалыс немесе мереке күндерінде) тексеру жүргізу кезінде, тексеру жүргізудің өзге де шарттарын реттейтін Қазақстан Республикасымен ратифицирленген халықаралық келісімдерге сәйкес тексеру жүргізу барысында тексеру тағайындау туралы актіні тіркеу, тексеру басталғаннан соң келесі жұмыс күні ішінде жүргізіледі .

14. Тексеру мерзімдерін тоқтату немесе жаңғырту туралы, сонымен қатар тексеруге қатысатын тұлғалардың құрамы өзгерген кезінде мемлекеттік тіркеу субъектісі құқықтық статистика және арнайы есепке алу органына тексерудің тоқтатуына немесе қайта жаңғыруына дейін бір күн бұрын енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы ескертпені жолдайды.

Сонымен қатар, ескертпеде құқықтық статистика және арнайы есепке алу органының журналы бойынша тексеру тағайындау туралы актінің нөмірі және тіркеу күні, тексерілуші объектінің толық атауы және орналасқан жері, тексерудің тоқтатылған, жаңартылған күні немесе тексеруге қатысушы тұлғалар

құрамының өзгеруі көрсетіледі.

Тексеру мерзімі ұзартылған, тексеру мерзімдерін қайта жаңғыртқан жағдайда, сондай-ақ тексеруге қатысушы адамдар құрамын өзгерткен кезде мемлекеттік тіркеу субъектісі құқықтық статистика және арнайы есепке алу органында тексеру тағайындау туралы акті нөмірімен, тіркелген күнімен, құжаттардың келіп түскен күніне сәйкес келетін тексеруді ұзарту туралы актіні тексерудің аяқталу мерзімінен кешіктірмей рәсімдейді.

Тіркеу тексеруді ұзарту туралы актіде құқықтық статистика және арнайы есепке алу органының тіркеуді тағайындау туралы актіні тіркеу туралы мөртабанмен тексеруді жүзеге асырған қызметкердің тегі, аты-жөні көрсетіліп, қолы қойылып нақтыланады.

15. Мемлекеттік тіркеу субъектісі тексеру аяқталуы бойынша үш жұмыс күні ішінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу органына № 1-П нысанды есепке алу карточкасына талон-қосымшаны, егер электронды тіркелген жағдайда, оның электронды форматын ұсынады.

Мемлекеттік тіркеу субъектісі тағайындаған тексеруді жүргізуден бас тартқан, прокурордың немесе соттың шешімі бойынша тексеруді оның аяқталуына дейін тоқтатқан жағдайда, мемлекеттік тіркеу субъектісі ол туралы шешім қабылданғаннан соң үш жұмыс күні ішінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу органына ескертпе жолдайды.

16. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органында тіркелген тексеруді өткізбеу жағдайында, мемлекеттік тіркеу субъектісі тексерудің өткізілмеу себебін көрсету арқылы ескертпе жасайды.

Ескертпе құқықтық статистика және арнайы есепке алу органына тексеру тағайындау туралы актіде көрсетілген тексерудің нақты аяқталған сәтіне дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

17. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органы тұрақты түрде тексерулер мерзімдерінің ұзартылуына, тоқтатылуына және жаңғыртылуларына есепке алуды және бақылауды жүргізеді.

18. Мемлекеттік тіркеу субъектілері құқықтық статистика және арнайы есепке алу органында тіркелген актілер және жүргізілген тексерістер бойынша салыстыруды тоқсанда бір реттен кем емес жүргізеді.

Орталық мемлекеттік органдар жүргізген тексерулер бойынша салыстырып тексеру құқықтық статистика және арнайы есепке алу орталық органында жүргізіледі.

Салыстыру құқықтық статистика және арнайы есепке алу органының басшысы бекіткен кесте бойынша жүргізіледі.

Салыстырулардың уақтылы өткізуін бақылау мемлекеттік тіркеу субъектісі басшысына жүктеледі.

Салыстырудың аяқталуы бойынша акті жасалады. Салыстыру актісінде бейнеленуге мынадай мәселелер жатады:

1) салыстыру жүргізудің уақытылығы;
2) тіркелуінен бас тартылған тексерулерді тағайындау туралы актілердің саны ;

3) тексерулерді тағайындау туралы тіркелген актілердің саны;
4) тексерулердің түрлері бойынша бөлумен, тіркелген актілер бойынша жүргізілген тексерулердің саны;

5) ұзарту туралы актілерді, тексерулер мерзімдерінің тоқтатылуы мен жаңғыртылуы туралы ескертпелердің уақытылы ұсынылуы;

6) есепке алу үшін талон-қосымшалардың уақытылы ұсынылуы;

7) жүргізілмеген тексерулерді есептен алу туралы ескертпенің у а қ ы т ы л ы ұ с ы н ы л у ы ;

8) көрсетілген деректемелерге сәйкес Журналға енгізілген мәліметтердің е с е п к е а л у ы н ы ң т о л ы қ т ы ғ ы .

Салыстыру актісіне салыстыруды жүргізген құқықтық статистика және арнайы есепке алу органы және мемлекеттік тіркеу субъектісі қызметкерлері қол қояды және көрсетілген органдардың басшылары бекітеді.

Салыстыру актісі екі данада жасалады, оның бір данасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу органында қалады, екінші данасы салыстыру жүргізген мемлекеттік тіркеу субъектісінің лауазымды тұлғасына беріледі.

19. Егер салыстыру немесе мемлекеттік тіркеу субъектілерінде тексеру жүргізу барысында тіркеуден өтпеген тексеру тағайындау туралы актіні, немесе тексеру тағайындау туралы актіні шығармай жүргізілген тексерулер анықталған жағдайда, мемлекеттік тіркеу субъектісі алдын ала өзінің тіркеу журналында тиісті жазу жазып, олардың анықтаған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу органына тіркелмеген тексерулерге толтырылған № 1-П нысанды есепке алу каточкаларын және талон-қосымшаларды ұсынады.

3. Тексерулерді есепке алудың Бірыңғай жүйесін енгізу

20. Мемлекеттік тіркеу субъектілері тексерулерді есепке алудың Бірыңғай жүйесінің қалыптасуына қатысады.

Осы мақсатта олар тұрақты және үзіліссіз түрде ведомстволық тексерулердің, сонымен қатар тексеру парақтарына сәйкес анықталған бұзушылықтар және олар бойынша қабылданған әкімшілік әрекеттегі қабылданған шараларды есепке алу ж ү й е с і н к ұ р а д ы .

Тексерулерді есепке алудың ведомстволық автоматтандырылған жүйесі

болмаған жағдайда, мемлекеттік органдардың тексерулерді мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру барысындағы қарым-қатынасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу органының Интернет-ресурсы арқылы жүргізілуі мүмкін.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органының тексерулерді есепке алу жүйесі мен тексерулерді есепке алу ведомстволық жүйесінің біріктірілуі, сондай ақ тұтастық және бірыңғайлық принципін сақтау негізінде мемлекеттік органдардың тексерулерді мемлекеттік тіркеу барысында құқықтық статистика және арнайы есепке алу органының Интернет-ресурсы арқылы қарым-қатынасты ұйымдастыру тексерулерді есепке алудың Бірыңғай жүйесін қ ұ р а й д ы .

Тексеру тағайындау туралы актілер, № 1-П нысанды есепке алу каточкалары, талон-қосымшалар мәліметтері негізінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу органы мемлекеттік органдар жүргізетін тексерулер туралы Бірыңғай мемлекеттік деректер банкін жүргізеді.

21. Тексерулерді есепке алудың Бірыңғай жүйесінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу органы мен мемлекеттік органның толық электронды өзара қарым-қатынасқан жағдайда, тексеру тағайындау туралы акті, № 1-П нысанды есепке алу каточка, талон-қосымша қағаз жеткізгіште құқықтық статистика және арнайы есепке алу органына ұсынылмайды.

Тексерулерді есепке алудың бірыңғай жүйесінде электрондық өзара әрекеттестікті жетілдіру шарасы бойынша тексеру тағайындау туралы актісі, № 1-П нысанды есепке алу карточкасы, талон-қосымша, қағаздағы тексеру жүргізу жоспарлары құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органның келісуі бойынша ұсынылмауы мүмкін;

Тексеру тағайындау туралы актіні, № 1-П нысанды есепке алу каточкасын, талон-қосымшаны ұсынудың электрондық форматын құқықтық статистика және арнайы есепке алу органы айқындайды.

22. Заңға сәйкес бекітілген тексерулерді жүргізу жоспарлары осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасына сәйкес кесте түрінде ресімделеді және қағазда және электрондық форматта ұсынылады.

Жоспарда мемлекеттік органның атауы, реттік нөмірі, тексеру объектісінің нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - БСН), оның орналасқан жері немесе қызметті жүзеге асыру орны көрсетіледі.

4. № 1-П нысанды есепке алу карточкасын және талон-қосымшаны толтыру тәртібі

23. № 1-П нысанды есепке алу карточкасының және талон-қосымшаның деректемелерін тексеруді жүзеге асырушы тұлға баспа әріптермен, қысқартуларсыз толтыруы тиіс.

№ 1-П нысанды есепке алу карточкасының оң жағында орналасқан сандық ақпараттық көрсеткіштерде құқықтық статистика және арнайы есепке алу органы берген кодтық белгі нөмірлері қойылады.

1) 1-тармақта тексеруді тағайындаған мемлекеттік органның атауы б е й н е л е н е д і ;

2) 2-тармақта тексеруді жүргізген органның деңгейлік мәртебесі: республикалық - 1; облыстық - 2; қалалық - 3; аудандық - 4; ауылдық - 5 кодтау а р қ ы л ы к ө р с е т і л е д і ;

3) 3-тармақта тексерілуші объектінің атауы, оның орналасқан жері к ө р с е т і л е д і ;

4) 3.1. тармақта тексеру объектісінің тәуекел тобының коды: жоғары тәуекел тобы - 1, орташа тәуекел тобы - 2, төмен тәуекел тобы - 3 көрсетіледі;

5) 4-тармақта тексеру объектісі: 1-жеке тұлға, 2-заңды тұлға, 3-жеке кәсіпкерлік субъектісі, сонымен қатар: 4-кіші кәсіпкерлік, 5-орта кәсіпкерлік, 6-ірі кәсіпкерлік, 7-мемлекеттік мекемелер, сонымен қатар: 8-мемлекеттік орган, 9-мемлекеттік кәсіпорындар, 10-коммерциялық емес ұйымдар көрсетіледі;

6) 5-тармақта тексеру түрі кодтау жолымен (XXX): IXX-жоспарлық, 2XX-жоспардан тыс: (оның ішінде: 01-кешенді, 02-тақырыптық, 03-хронометражды зерттеу) көрсетіледі;

7) 5.1 тармақта Заңның 16-бабы 7-тармағында көзделген жоспардан тыс тексерулердің негізі көрсетіледі: 1 - басқа да бақылау және қадағалау нысандарының нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұйғарымның (қаулының, ұсыныстардың, хабарламалардың) орындалуын бақылау (Заңның 16-бабы 7-тармағы 1-тармақшасы); 2 - жеке және заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарынан және жергілікті өкілетті органдардан адам өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға және жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне елеулі зақым келтіру туралы не зақым келтіру қаупі туралы ақпарат пен жүгінуді алу (Заңның 16-бабы 7-тармағы 2-тармақшасы), солардың ішінде 01 - жоғары тұрған органдардың тапсырмасы, 02 - басқа мемлекеттік органдардың тапсырмасы мен жүгінуі, 03 - үшінші адамдардың шағымдары мен жүгінулері; 3 - тексеруді жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты алу мақсатында тексерілуші субъект азаматтық-құқықтық қарым-қатынаста болған үшінші адамдарға қатысты қарсы тексеру (Заңның 16-бабы 7-тармағы 3-тармақшасы); 4- тексеруі объектісінің оның қызметіне тексеру жүргізу туралы бастама жүгінуі (Заңның 16-бабы 7-тармағы 4-тармақшасы); 5 - тексеру объектісін егер оған

жоспарлы тексеру белгіленсе, қайта құру және атауын өзгерту (Заңның 16-бабы 7-тармағы 5-тармақшасы); 6 -алғашқы тексеруге келіспеуі туралы і тексеру объектісінің жүгінуіне байланысты қайтадан тексеру (Заңның 16-бабы 7-тармағы 6-тармақшасы); 7 - Қазақстан Республикасының Қылмыстық-іс жүргізу кодексінде көзделген негіздер (Заңның 16-бабы 7-тармағы і-тармақшасы); 8 - салық төлеушілердің жүгінуі, Қазақстан Республикасының Салық кодексі 627-бапта белгіленген мәліметтер мен мәселелер (Заңның 16-бабы 7-тармағы 8-тармақшасы) ;

8) 8-тармақта тексеру мәселесі, яғни, нормативтік құқықтық акті нормаларының сақталуы, тексерілуге тиісті талаптары көрсетіледі;

9) 9-тармақта тексеру объектісінің қызмет түрі көрсетіледі;

10) 10-тармақта тексеру объектісінің СТН көрсетіледі (шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін);

11) 11-тармақта тексеру объектісінің салық төлеушісінің тіркеу нөмірі (ЖСН/БСН болмаған жағдайда) ;

12) 12-тармақта тексеру тағайындау туралы актінің нөмірі көрсетіледі;

13) 13-тармақта тексеру тағайындау туралы актінің шыққан күні көрсетіледі;

14) 14-тармақта тексеруді жүзеге асырған тұлғаның (тұлғалардың) тегі, аты, әкесінің аты (Т.А.Ә.), лауазымы, қолы қойылады;

15) 15-тармақта тексеру жүргізу мерзімі көрсетіледі;

16) 16-тармақта тексерілетін кезең көрсетіледі;

17) 17-тармаққа тексеруді ұзарту мерзімінің аяқталу күні енгізіледі;

18) 18-тармақта тексерудің тоқтатылған күні көрсетіледі;

19) 19-тармақта тексерудің жаңартылған күні көрсетіледі;

20) 20-тармақта жүргізілмеген тексерістің есептен алынған күні көрсетіледі;

21) 21-тармақта, тексеру тағайындау туралы актінің тіркеуден бас тартылғанда, Ереженің 13-тармағының тиісті тармақшасы көрсетіледі;

22) 22-тармақта 1 (2)-есептік кезеңде тіркелусіз жүргізілген, 3 (4)-есептік кезеңде жүргізілгендер қатарынан тексеріс тағайындау туралы актінің шығарылуысыз (өткен кезеңдер) жүргізілген тексерулер туралы мәліметтер бейнеленеді ;

23) 23-тармақ 1-прокуратурамен, 2-ҚСЖАЕК органдарымен, 3-мемлекеттік орган бастамасымен анықталған заңсыз тексерулер саны көрсетіледі ;

24) 24, 25, 26, 27 және 28 тармақтар құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органның кодын, № 1-П нысанды есепке алу карточкасының келіп түскен күнін, реттік нөмірін, құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органның № 1-П нысанды есепке алу карточкасын қабылдаған қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы мен қолын кірістіреді;

24. Тексеру нәтижелері бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарына тексеру аяқталғаннан соң үш жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылатын Ереженің 7-қосымшасына сәйкес талон-қосымша толтырылады.

1) 1-тармақта тексеру тағайындаған мемлекеттік орган атауы көрсетіледі;

2) 2-тармақта мемлекеттік органның тексеру тағайындау туралы актісінің нөмірі, оның шығарылған күні көрсетіледі;

3) 3-тармақта құқықтық статистика және арнайы есепке алу органында мемлекеттік тіркелген күні және нөмірі көрсетіледі;

4) 4-тармақта тексеру объектісінің атауы, оның орналасқан жері көрсетіледі;

5) 5 және 6 тармақтарда тексерудің басталу және аяқталу күндері көрсетіледі;

6) 7-тармақта тексеру нәтижелері көрсетіледі: 1-бұзушылықтар анықталған жоқ; 2-бұзушылықтар анықталды;

7) 8-тармақта кімнің құқықтары қорғалғаны көрсетіледі: 1-жеке тұлғаның, 2-жеке кәсіпкерлік субъектінің, сонымен қатар: 3-кіші кәсіпкерлік, 4-орта кәсіпкерлік, 5-ірі кәсіпкерлік, 6-мемлекеттік мекеме, 7-мемлекеттік кәсіпорын, 8-коммерциялық емес ұйым;

8) 9-тармақта тексеру материалдарын шешім қабылдау үшін жолдау туралы мәліметтер көрсетіледі: 1-мемлекеттік органға, 2-прокуратураға, 3-сотқа;

9) 10-тармақта материалдарды жолдаған күн белгіленеді;

10) 11-тармақта талаптары бұзылған нормативтік құқықтық актілер нормалары белгіленеді;

11) 12-тармақта объектіні тексерудің нәтижелер көрсетіледі: тоқтатылған-1, тыйым салынған-2;

12) 13-тармақта, тексеріс, оны аяқтағанға дейін тоқтатқандығы көрсетіледі: 1-мемлекеттік орган, 2-сот, 3-прокурор;

13) 14-тармақта тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның Т.А.Ә., лауазымы, қолы, қызметтік телефоны көрсетіледі;

14) 15-тармақта құқықтық статистика және арнайы есепке алу органына талон-қосымшаның келіп түскен күні көрсетіледі;

15) 16-тармақта талон-қосымшаны қабылдаған құқықтық статистика және арнайы есепке алу органы қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы, қолы көрсетіледі.

25. Талон-қосымшаны ұсыну тексеруді аяқталған ретінде есептеуге негізі болып табылады.

26. Енгізілген мәліметтердің шынайлығын, толықтығын, объективтілігін және дәйектігін қамтамасыз ету мемлекеттік органның басшысына және осы құжаттарды толтырған тұлғаға жүктеледі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүзеге асыратын тексерулерді тағайындау туралы актілерді тіркеу журналын толтыру тәртібі

27. Журнал бірінғай үлгідегі құжат болып табылады, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органымен және мемлекеттік тіркеу субъектілерімен жүргізіледі.

30. Журнал нөмірленген, тігілген және мөрмен куәландырылған болуы тиіс. Жазбалар толық, нақты, ұқыпты енгізіледі, түзетулерге және тазартуларға жол берілмейді. Қателескен жазбалар ескертіледі және жауапты тұлғаның қолымен куәландырылады.

1) Журналдың 1-бағанда ақпараттық есепке алу құжатының реттік нөмірі көрсетіледі;

2) 2-бағанда тексеру тағайындау туралы актінің, № 1-П нысанды есепке алу карточкасының тіркелу күні мен уақыты көрсетіледі, сонымен қатар құжаттарды тапсырған мемлекеттік тіркеу субъектісінің лауазымды тұлғасының қолы қойылады.

3) 3-бағанда мемлекеттік тіркеу субъектісінің тексеру тағайындау туралы актісінің нөмірі және оның шығару күні көрсетілуге жатады;

4) 4-бағанда мемлекеттік тіркеу субъектісінің атауы, тексеруді тағайындаған тұлғаның лауазымы және Т.А.Ә. бейнеленуге жатады;

5) 5-бағанда тексеру объектісінің атауы, оның орналасқан жері, шаруашылық жүргізуші субъектінің СТН, (ЖСН, БСН) бейнеленуге жатады;

6) 7-бағанда тексеру объектісімен жүзеге асырылатын қызмет түрі бейнеленеді;

7) 5-бағанда тексеруді жүзеге асырған тұлғаның (тұлғалардың) Т.А.Ә. және лауазымы көрсетіледі;

8) 8-бағанда тексеру түрі бейнеленеді;

9) 9-бағанда тексеру негізі көрсетіледі;

10) 10-бағанда тексеру өткізу мерзімі бейнеленеді;

11) 11-бағанда тексеру мерзімнің ұзартылуы немесе тексерудің тоқтатылуы және жаңартылуы туралы белгі қойылады;

12) 12-бағанда құқықтық статистика және арнайы есепке алу органына талон-қосымшаның ұсынылған күні көрсетіледі, сонымен қатар талон-қосымшаны тапсырған мемлекеттік тіркеу субъектісінің лауазымды тұлғасының қолы қойылады;

13) 13-бағанда тағайындалған тексерулердің өткізілмеу негіздері және шешім қабылданған күні көрсетіледі: 1-кіші бағанда есептен алынған өткізілмеген

тексерулер, 2-кіші бағанда тіркеуден бас тартылған тексеру тағайындау туралы актілер бейнеленеді.

31. Есепке алуды тиісті жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында, мемлекеттік тіркеу субъектісінде Журналды жүргізу жауапты лауазымды тұлғаға жүктеледі.

Журналдың жүргізілуі және сақталуы туралы талаптардың қамтамасыз етілуіне бақылау жүргізу мемлекеттік тіркеу субъектісінің басшысына жүктеледі.

32. Ақпараттық есепке алу құжаттарын бланкілерімен және журналдармен қамтамасыз ету мемлекеттік тіркеу субъектілеріне жүктеледі.

5. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары жүзеге асыратын тексерулерді тағайындау туралы актілерді тіркеу туралы» № 1-П нысанды есептердің ұсынылу тәртібі мен мерзімдері

33. № 1-П нысанды есепке алу карточканың және талон-қосымшаның негізінде құқықтық статистика және арнайы есепке алудың аумақтық органдары Ереженің 8-қосымшасына сәйкес «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүзеге асыратын тексерулерді тағайындау туралы актілерді тіркеу туралы» № 1-П нысанды есепті (бұдан әрі - № 1-П нысанды есеп) жасайды.

Аймақ бойынша № 1-П нысанды жиынтық есепке және эр мемлекеттік орган бойынша № 1-П нысанды есепке құқықтық статистика және арнайы есепке алу органының бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға қол қояды.

Аймақ бойынша № 1-П нысанды жиынтық есеп және эр мемлекеттік орган бойынша № 1-П нысанды есеп ұлғаю нәтижесімен тоқсан сайын жасалады, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органының бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға бекітеді және орталық құқықтық статистика және арнайы есепке алу органына ұсынады.

34. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органының орталық аппараты аумақтық органдарының № 1-П нысанды есептің деректері негізінде мемлекеттік органдар және аймақтар бөлінісінде жиынтық есепті қалыптастырады.

35. Жолдар мен бағандардың деректері барлық мемлекеттік органдар бойынша бірдей болып келетін № 1-П нысанды есеп ұлғаю нәтижесімен бірыңғай нысан бойынша құрылады.

1) 1-жолда талон-қосымшалары есептік кезеңнің соңына келіп түспеген, аяқталмаған тексерулердің қалдығы көрсетіледі;

2) 2-жолда тексерулерді тағайындау туралы тіркелген актілердің саны көрсетіледі;

3) 3-жолда (№ 1-П нысанды қойылған есепке алу карточкалары бойынша) объектілердің тағайындалған тексерулерінің саны көрсетіледі;

4) 4-жол (талон-қосымшаның бар болғанда) аяқталған тексерулердің санын көрсетеді ;

5) 5-жол түрлі себептер бойынша есептік кезеңде өткізілмеген, тағайындалған тексерулердің санын көрсетеді ;

6) 6-жол тексеру тағайындау туралы актіні тіркемей жүргізген анықталған тексерулердің жалпы санын көрсетеді, олардың ішінде прокуратура анықтағандар 7-жолда, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органы 8-жолда, мемлекеттік орган 9-жолда көрсетіледі ;

7) 10-жол есептік кезеңде тағайындалғандардың қатарынан, тексеруді тағайындау туралы актіні шығармай жүргізген, анықталған тексерулердің жалпы санын көрсетеді, олардың ішінде прокуратура анықтағандар 11-жолда, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдары 12-жолда, мемлекеттік орган 13-жолда көрсетіледі ;

8) 14-жол тексеру тағайындау туралы актіні өткен жылдары тіркемей жүргізгендігін ағымдағы жылда анықталған тексерулердің санын көрсетеді, олардың ішінде прокуратура анықтағандар 15-жолда, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдары 16-жолда, мемлекеттік орган 17-жолда көрсетіледі ;

9) 18-жол тексеру тағайындау туралы актіні өткен жылдары шығармай жүргізгендігін ағымдағы жылда анықталған тексерулердің санын көрсетеді, олардың ішінде прокуратура анықтағандар 19-жолда, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдары 20-жолда, мемлекеттік орган 21-жолда көрсетіледі ;

10) 22-жол тексеру нәтижелерінде бұзушылықтар айқындалған тексерулердің санын көрсетеді ;

11) 23-жол тіркеуден бас тартылған тексерулерді тағайындау туралы актілердің жалпы санын көрсетеді ;

12) 24-38 жолдар тексерулерді тағайындау туралы актілерді тіркеуден бас тарту негіздерін көрсетеді ;

13) 1-15 бағандарының көрсеткіштері № 1-П нысанды есепке алу карточкасының деректерінен алынып қалыптасады.

36. Құқықтық статистика және арнайы есепке алудың аумақтық органдары № 1-П нысанды есепті тоқсан сайын қалыптастырады, оған аумақтық органның басшысы қол қояды және есептік кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға қағаз және электрондық түрде жолдайды .

37. Құқықтық статистика және арнайы есепке алудың аумақтық органдары бекіткен есептердің негізінде құқықтық статистика және арнайы есепке алудың уәкілетті органы республика бойынша жиынтық есепті құрады.

38. Құқықтық статистика және арнайы есепке алудың уәкілетті органымен республика бойынша жинақталған № 1-П нысанды есеп Қазақстан

Республикасының Бас прокуратурасына келесі есептік кезеңдегі айдың 10-санына ұсынылады.

Қ а з а қ с т а н Республикасы

Б а с П р о к у р о р о р ы н ы ң

2 0 1 2 жылғы 2 5 қарашадағы

№ 1 2 5 бұйрығымен бекітілген

Қ а з а қ с т а н Республикасының

мемлекеттік органдары жүзеге

а с ы р а т ы н тексерулерді

мемлекеттік тіркеу, есепке алу

және бақылау Ережелеріне

1-қосымша

р.с. №	Мемлекеттік органның тексеру тағайындау туралы актісінің нөмірі және оның шығарылу күні	Мемлекеттік органның атауы, тексеру тағайындаған тұлғаның (тұлғалардың) аты-жөні мен лауазымы	Тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның (аты-жөні мен лауазымы) дері) мен (дары)	Тексеру объектісінің атауы, оның тұрған жері мен СТН-і, ЖИН-і, БИН-і	Қызметтің түрі	Тексеру түрі	Тексеру негіздері	Тексеру жүргізу мерзімдері
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органға № 1-П нысанды есепке алу карточкасын ұсыну күні	Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органның тіркеу нөмірі	Тексеруді ұзарту не тоқтату және қайта жаңарту күні және мерзімі	Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органға № 1-П нысанды есепке алу карточкасының талон- қосымшасын ұсыну күні	Тексеру жүргізілмеді
				жүргізілмеген тексеру есептен алынды
10	11	12	13	14
				тіркеуден бас тартылған тексеруді тағайындау туралы акт

Қ а з а қ с т а н Республикасы

Б а с П р о к у р о р о р ы н ы ң

2 0 1 2 жылғы 2 5 қарашадағы

№ 1 2 5 бұйрығымен бекітілген

Қ а з а қ с т а н Республикасының

мемлекеттік органдары жүзеге

а с ы р а т ы н тексерулерді

Құқықтық статистика органының қызметкері толтырады	17. / / / / / / / / / / (күні айы жылы)
17. Тексеру «__» _____ 20 __ ж. ұзартылды	
18. Тексеруді тоқтатқан күн «__» _____ 20 __ ж.	18. / / / / / / / / / / (күні айы жылы)
19. Тексеруді қайта жаңғыртқан күн «__» _____ 20 __ ж.	
20. Өткізілмеген тексеруді есептен алу күні, «__» _____ 20 __ ж	19. / / / / / / / / / / (күні айы жылы)
21. Тексеру тағайындау туралы актіні тіркеуден бас тарту: Ереженің 11-т. __ т т б о й ы н ш а .	20. / / / / / / / / / / (күні айы жылы)
22. Жүргізілген тексеру есепке алынды: 1(2) есептік кезеңде тіркелусіз (өткен мерзімде); 3 (4) - есептік кезеңде өткізілгендер қатарынан тексеру тағайындау туралы актіні шығарусыз (өткен мерзімдер).	21. / _ / _ / 22. / _ / 23. / _ /
23. Заңсыз тексерулерді анықтады: 1-прокуратура, 2-ҚСЖАЕК органдары, 3-мемлекеттік органның бастамасы бойынша (астын сызу).	24. / / / / / / / / / / 25. / / / / / / / / / /
24. Құқықтық статистика органы: _____ (тіркеу органының коды)	(күні айы жылы)
25. Тексеру тағайындау туралы актіні тіркеу күні «__» _____ 20 __ ж	26. / / / / / / / / / /
26. Мемлекеттік тіркеудің реттік нөмірі № _____	29. ӨЕК № / / / / / / / / / / , күні / / / / / / / / / / (күні айы жылы), орган коды / / / / / / / / / /
27. 1-П нысанды карточканы тіркеуге қабылдаған құқықтық статистика органы қызметкерінің аты-жөні, лауазымы, қолы _____	
28. Тағы басқа белгілер _____	
29. ӨЕК нөмірі _____ Тіркеу күні " __ " _____ 20 __ ж. ӨЕК тіркейтін мемлекеттік органның атауы _____	

Ескерту: толтырылғаннан кейін карточка ресми статистикалық құжат болып табылады; оған қол қойған тұлғалар жалған мәліметтер енгізгені үшін заңмен белгіленген тәртіпте жауапқа тартылады. Карточканың сақталу мерзімі 2 жыл.

Қ а з а қ с т а н Республикасы
Б а с П р о к у р о р ы н ы ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 5 қ а р а ш а д а ғ ы
№ 1 2 5 б ұ й р ы ғ ы м е н б е к і т і л г е н
Қ а з а қ с т а н Республикасының
м е м л е к е т т і к о р г а н д а р ы ж ү з е г е
а с ы р а т ы н т е к с е р у л е р д і
м е м л е к е т т і к т і р к е у , е с е п к е а л у
ж әне б а қ ы л а у Е р е ж е л е р і н е
3-қосымша

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің облысы (қаласы)	ауданы
бойынша басқармасы	
Тексеру тағайындау туралы акті ТІРКЕЛГЕН	
20 __ жылдың " _____ "	_____
№ _____	_____
Қойған қолы _____	_____

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2012 жылғы 25 қарашадағы
№ 125 бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
мемлекеттік органдары жүзеге
асыратын тексерулерді
мемлекеттік тіркеу, есепке алу
және бақылау Ережелеріне
4-қосымша

**Тексеру тағайындау туралы актіні тіркеуден бас тарту
туралы тұжырымдама**

_____ (тексерілетін объектінің атауы)
т е к с е р у _____ о б ъ е к т і с і н е

_____ (мемлекеттік органның атауы)
ұсынылған тексеру тағайындау туралы 20 ____ жылғы " ____ " _____ № ____
_____ тексеру объектісін тексеруді тағайындау туралы актіні қарап, жоғарыда
көрсетілген тексеру тағайындау туралы актіні тіркеуден төмендегідей Ереженің
11-тармағы _____ тармақшаларының негізінде **бас тартылсын:**

_____ (бас тарту негізі, заңнамаға сілтеме)

_____ (уәкілетті тұлғаның лауазымы,
_____ аты - жөні, қойған қолы)

" ____ " _____ 20 ____ ж.
(күні, айы, жылы)

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2012 жылғы 25 қарашадағы
№ 125 бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
мемлекеттік органдары жүзеге
асыратын тексерулерді
мемлекеттік тіркеу, есепке алу
және бақылау Ережелеріне
5-қосымша

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің облысы (қаласы)
_____ ауданы
_____ бойынша басқармасы
Тексеру тағайындау туралы акті тіркеуден
БАС ТАРТЫЛҒАН
негіз: Ереженің 11-тармағының _____ тармақшалары
20 ____ жылдың " ____ " _____
қолы _____

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2012 жылғы 25 қарашадағы
№ 125 бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
мемлекеттік органдары жүзеге
асыратын тексерулерді
мемлекеттік тіркеу, есепке алу
және бақылау Ережелеріне
6-қосымша

Мемлекеттік органның тексерулерді жүргізу жоспары
_____ облысы бойынша 20 ____ жылға

р/с №	Тексеру объектісінің атауы	ЖСН/БСН	Тексеру объектісінің орналасқан жері немесе қызметті жүзеге асырған орны
1	2	3	4

Қазақстан

Республикасы

Бас

Прокурорының

2012

жылғы

25

қарашадағы

№

125

бұйрығымен

бекітілген

Қазақстан

Республикасының

мемлекеттік

органдары

жүзеге

асыратын

тексерулерді

мемлекеттік

тіркеу,

есепке

алу

және

бақылау

Ережелеріне

7-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы жүзеге асыратын тексеру туралы мәліметтерді есепке алу карточкасына талон-қосымша

1. Тексеруді тағайындаған мемлекеттік органның атауы _____ -----	1. _____/___/___/___ 2. _____/___/___/___ күні айы
2.Тексеру тағайындау туралы актінің нөмірі, оның шығарылған күні: № _____ «___» ----- 20___ ж.	3. _____/___/___/___ күні айы
3. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органында мемлекеттік тіркелген күні және нөмірі: № _____ «___» _____ 20___ ж.	5. ___/___/___/___ күні айы
4. Тексерілген объекті атауы, орналасқан жері _____	6. ___/___/___/___ күні айы
5. Тексеру басталған күні: «___» _____ 20___ ж.	7 .
6. Тексеру аяқталған күні: «___» _____ 20___ ж.	8 .
7. Тексеру нәтижелері: 1-бұзушылықтар анықталған жоқ; 2-бұзушылықтар анықталды.	9 .
8. Тексерумен құқықтар мен мүдделер қорғалды: 1-жеке тұлғаның, 2-жеке кәсіпкерлік субъектісінің, соның ішінде: 3-шағын кәсіпкерлік, 4-орта кәсіпкерлік, 5-ірі кәсіпкерлік, 6-мемлекеттік мекеме, 7-мемлекеттік кәсіпорын, 8-коммерциялық емес ұйым.	10. ___/___/___/___ күні айы
9. Тексеру материалдары шешім қабылдау үшін жолданды: мемлекеттік органға - 1, прокуратураға - 2, сотқа - 3.	11 .
10. Материалдарды жолдау күні: «___» _____ 20___ ж.	12 .
11. Талаптары бұзылған нормативтік құқықтық актілердің нормалары _____ -----	13 .
12.Тексеру барысында немесе нәтижесінде объект қызметі: тоқтатылды - 1, тыйым салында - 2	15. ___/___/___/___ күні айы
13. Тексеру аяқталғанға дейін тоқтатты: мемлекеттік орган - 1, сот - 2, прокурор - 3.	Бөлім мәліметтері
14. Тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның (тұлғалардың) аты-жөні, лауазымы, қойған қолы, қызмет телефонының нөмірі _____ -----	есепке алудың I
15 және 16 деректемелерді құқықтық статистика органының қызметкері толтырады.	
15. Талонның құқықтық статистика органына келіп түскен күні «___» _____ 20___ ж.	

Тағайындалып, әр түрлі себептермен жүргізілмеген тексерулердің саны	5						
Тіркеусіз жүргізілген анықталған заңсыз тексерулердің саны	6						
солардың ішінен анықтағаны	прокуратура	7					
	құқықтық статистика органы	8					
	мемлекеттік орган	9					
Есептік кезеңде тағайындалғандар қатарынан тексерулерді тағайындау туралы актіні шығарусыз жүргізген тексерулер саны	10						
солардың ішінен анықтағаны	прокуратура	11					
	құқықтық статистика органы	12					
	мемлекеттік орган	13					
Тексеру тағайындау туралы актілерді өткен жылдары тіркемей жүргізгендігін ағымдағы жылы анықтаған тексерулердің саны	14						
солардың ішінен анықтағаны	прокуратура	15					
	құқықтық статистика органы	16					
	мемлекеттік орган	17					
Тексеру тағайындау туралы актілерді өткен жылдары тіркемей жүргізгендігін ағымдағы жылы анықтаған тексерулердің саны	18						
солардың ішінен анықтағаны	прокуратура	19					
	құқықтық статистика органы	20					
	мемлекеттік орган	21					
Нәтижелері бойынша бұзушылықтары	22						

